

Бекітемін:

*«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*



(Кіші топ «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)

*Тәрбиешілер: Берікбосынова Н.
Сатыбалдиева Б.*

Таушық ауылы, 23.10.2023ж

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық.,
Бармысыздар халайық!
Күзгі тойды жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша мереке « Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ортада кіші топ «Алпамыс» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!
(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Өз орындықтарына жайғасқан балапандар)

Жүргізуші: Қызыл, жасыл, сары алтындай,
Жапырақтар күздің көркі.
Би билейік, ән салайық, –деп өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайық.

Биші бүлдіршіндеріміздің «**Себет биі**» биін қабыл алыңыздар.

Би: «Себет биі»

(Азалия. Сәлсәбіл. Айдария. Ханшайым. Айдай. Мағжан. Дархан. Жігер. Ақберен. Айбын)

Жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі
Еркелігін тастайды
Күз туралы сіздерге
Тақпақтарын бастайды - деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Дінмұханбет Аяла: Шаттанды балақай,
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Нәрік Мәдина: Жапырақ ұшты,
Суықта түсті.
Сондада бізге,
Қызық көп күзде.

Толыбекқызы Азалия: Келді міне күз,
Айнала сары түс.

Ғалымжанқызы Сафия: Сарғайды тоғай,
Сапсары маңай.

Жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той
Қуанышты күн біліп қой
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой деп, ендеше кезекті би өнеріне береміз.

Би: «Қырманға кел қалқатай» биімен ортаға биші ұлдарымызды шақырамыз.
(Сұңғат. Ерасыл. Нұржан. Барақ. Аят)

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Бүгінгі мерекеде балаларымыздың аналарымен жасаған күздік киім сән үлгілерін тамашалаңыздар. Қарсы алыңыздар!

Сән үлгісі: Аяла. Асылым. Әдемі. Абдулла. Мұстафа. Ережеп.

Жүргізуші: Балабақша бағында,
Сайрандаймыз жанында.
Нақ өзіндей бүлдіршін,
Көп достардың жанында,- деп,

кішкентай биші қыздарымыздың «Жапырақтар» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Жапырақтар»

(Сая.Сафия.Мадина.Дария.Ділдә)

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар!

Жүргізуші: Өнер десе жайнаймыз,
Сандуғаштай сайраймыз.
Алтын күзге арнаған,
Әнімізді шырқаймыз.

Ортада топ бүлдіршіндері «Топ- топ балақан» әнімен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Осымен кіші топ «Алпамыс» тобының «Алтын күз!» атты ертеңгіліміз аяқталды.
Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын!

Сау
бол
ың
ызд
ар!



